

## Табиғат алтын бесігің

Бұлақ, көрсең көзін аш деген ғой. Ал біз тау қолтығындары, сай—жырларда құдықтарды аршып тазалаудың орнына бітеп кетеміз. Жарайды соқпа жулаушыдан көрелік мұндай немкіттілікті өзіміз тұрып жатқан ауылдың төңірегіндегі тұмаларды тұншықтыратынымыз қалай? Өткенде тау ішіндегі қайнардың көзіне арнайы түрде шомылып жатқан біреулерді көріп ішім ашыды. Малекешмалда су ішіп жүрген құдығына ерсі сүйкенбейді ғой. Бұ—лақ—тұмаларды шегендеуге болмай ма?

Көше тазалығын сақтап, ауланы тәртіпке келтіру жарастықты күйбен. Ал сол күйбенді табиғатқа деген қара дүрсендікке ұлас тырып сағаттар бойында түтіндетіп от көсеу табиғатқа пайда ма, зиян ба. Оны біліп жатқан кім бар.

От дегеннен шығады. Өткен жылы аудан көлемінде әр тұстан қалың өрт шығып, фермерлерді қатты састырды. Соған қол ұшын беріп тілсіз жаумен күресуге белсенген кім бар. Аудан орталығында поселкелерде тұратын үйінің айналасына көк түтін салатындар «жаман күнді жатып тындап» дала өртеніп жатқанда қара көрсетуге жарамады. Мұндай жаны ашымастық өзіншілдің керт басымен кетсе жақсы

ғой, балаларының санасын да қалып қойса не болғаны. Асыраушымыз жердің құйкасы шыжғырылып жатқанда ауласының амандығынан аса алмаған тоғышарларға не дауа. Жеке меншіктік психологияға бой ұрған тұста өзім аман болайын өзгеді не жұмысым бардың ақыры онбайтыны аян.

Табиғатты қолдан жасамайды. Алланын сыйы екенін ұмытып кетеміз. Ал, құс ше. Бүгінде бассыз аңшылар жөнінде ауыз ашпайтын болдық. Осы мақала иесінің қарлығашты көрмегеніне кемі он жыл өткен екен. Сарыала қаздар жүруші еді әр ауылды төніректеп, биыл көрінбейді. Сірә, мейірімсіздердің суық оғы мерт қылып тынған шығар.

Осыдан екі жыл бұрын аудан бойынша арқарларды қорғау айлығын өткізіп біраз жұмыс атқарғанымыз бар. Тау еркесі арқарлардың аудан көлеміндегі есебін алып барлау жасалды, Тағылы, Айыртау, Ортау, Сары құлжа, Ешкі—өлмес тауларында арқар қалмаған. Шанда бір қиядан көрініс береді. Күзге қарай мұздай қаруланып арқар аулайтындар бар боп шықты. Солардың бірекеуінің ізіне түсіп көріп едік, тосқауылдан тауымыз шағылды. Әлгі кәнігіқанды қол аңшылардың

ішінде заң қызметкерлері бар боп шықты. Бүгінде аудан көлемінде қалған арқар тұқымы он саусаққа жетер-жетпес. Киік боса болмаса құруға жақын. Біз бұл ойымызды білдіргенде жанның бәрін жаппай жазғырудан аулақпыз. Табиғатқа жанашырлықты еске салып көпшілікке ой салу. Оның есесіне онсыз да азайған малға жау—қасқыр шыдатпайды. Қасқырға бірігіп қайрат Бұл өзін

ше жеке әңгіме.

Сұмдық ой келеді, На—рықты, қымбатшылықты сылтауратып туған жерді тұлдырап тонауға ұшыратпасақ не қылсын. Көріп жүрміз, Ақша табуды ойлаған ағайындар енді сай—салада ырғалған терек пен талды қидалап сатуға кірісті. Тағылы мен Ортаудың басқа да тау қолтығында ұйысқан тал шоғыры, теректерге суық қол араласып та кетті, Енді бір бес, он жылда онсыз да селдіреп қалған тал—терек оталып бітеді. Осыны көретін, мемлекеттік тұрғыдан дөң айбат көрсететіндер бар ма. Иесіздіктің соны жер назасына соқтырып, табиғатты ашуландырып алмаймыз ба. Табиғат көнбіс қой, келер буын жас ұрпаққа не дейміз?

**Ө. КӘРІПОВ,**  
Ақадыр кенті.